

Аудандық білім бөлімі өкілінің қатысуымен  
2019 жылғы «29» қаңтардағы өткен  
«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасындағы  
ата-аналардың жалпы жиналысының  
№1 хаттамалық шешімімен бекітілген

**Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің  
«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы МКҚК  
Қамқоршылық кеңесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 44-бабының 9-тармағына, «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) білім ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.
- 1.3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында МДҰ Жарғысын және Ереженің негізінде заңды тұлға мәртебесіз жұмыс істейді.

**1.4. Қамқоршылық кеңес:**

- Тәрбиеленушілердің құқықтарын сақталуына, сондай-ақ МДҰ-да өткізілген қайырымдылық көмектің жұмсалуына бақылау жүргізеді.
- Жарғыға өзгеріс немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлей алады.
- МДҰ басты даму бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді.
- МДҰ бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар тастайды.
- Білім саласындағы ЖАО Қамқоршылық кеңес МДҰ жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныс бере алады.
- МДҰ қызметінің мәселелері бойынша мәжілістерге, семинарларға, конференцияларға қатыса алады.
- МДҰ әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

**2. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы**

- 2.1. Қамқоршылық кеңес аталған білім ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылады.

### **Қамқоршылық кеңестің құрамына:**

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
  - 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;
  - 3) ата-аналар комитеті ұсынған балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе заңды өкілінің бірі;
  - 4) демеушілер кіреді.
- 2.2. Жанында Қамқоршылық кеңес құрылған балабақша директоры оның жиналыстарына қатыса алады.
- 2.3. «Білім туралы» ҚР Заңының 51-б, 1-т. 2) және 3) тарм. Көрсетілген тұлғалар ҚК құрамына кірмейді.
- 2.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ санды құрайды және бір-бірімен, меңгерушімен туыстық және достық қарым-қатынасы жоқ тоғыз адамнан кем болмауы тиіс.
- Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сайлану мүмкіндігі беріледі. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **3. Сайлау тәртібі**

- 3.1. Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын / қайта сайланатын/ оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы (төрағасы) болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді. Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.
- 3.2. Мемлекеттік орган өкілдері ҚК төрағасы бола алмайды және оның міндеттерін орындамайды.
- 3.3. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары мен хатшысын Қамқоршылық кеңес сайлайды және хатшы Қамқоршылық кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.

### **4. Құзыреттері**

- 4.1. Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмысы жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша да өткізіле береді.
- 4.2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі (2/3-сі) отырысқа қатысса, шешім қабылдауға болады.
- 4.3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін атқаруы ақысыз негізде жүзеге асырылады.
- 4.4. Осы ережеге өзгертулер және (немесе) толықтырулар ҚК-н жалпы жиналысында енгізіледі және отырысында бекітіледі.

### **5. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты мен бағыттары**

- 5.1. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары мыналар болып табылады:
  - 1) Балабақшаның тиімді қызмет етуі мен дамуына ықпал ету;

- 2) білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- 3) білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

**5.2. Қамқоршылық кеңес жұмысының негізгі бағыттары:**

- 1) білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;
- 2) МДҰ тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- 3) білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу;
- 4) білім ұйымына педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға өз пікірін білдіреді;
- 5) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан тыс білім беру жүйесін ұйымдастыру және кететін шығынды есепке алу;
- 6) білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.

**5.3. Қамқоршылық кеңесі міндеттерінің бірі – бюджеттен тыс қаржы тарту, оларды бөлу және бақылау болғандықтан, оның банкте өз шотының болуы, заңды тіркелуі, салықтық есептілікті жүргізілуі қарастырылуы мүмкін.**

**6. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату**

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 6.1. құрылтайшының бастамасы бойынша;
- 6.2. қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;
- 6.3. білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.
- 6.4. құжаттама ҚК төрағасында 1 жыл бойы сақталады.
- 6.5. Ереженің қолдану мерзімі: білім беру ұйымының нысаны (немесе түрі) өзгергенге дейін.

Аудандық білім бөлімінің 2019 жылғы  
«01» ақпандағы №34 бұйрығымен  
Бекітілген №1 қосымша

МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы  
Қамқоршылық кеңес құрамының тізімі

| № | Б/б атауы                     | Қамқоршылық кеңес<br>төрағасының аты-<br>жөні, телефоны | Жұмыс орны,<br>лауазымы | Қамқоршылық<br>кеңес құрамының<br>аты-жөні | Жұмыс орны          |
|---|-------------------------------|---------------------------------------------------------|-------------------------|--------------------------------------------|---------------------|
| 1 | 2                             | 3                                                       | 4                       | 5                                          | 6                   |
| 1 | «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы | Айгөбеков Рәтбек<br>8-705-892-31-56                     | Зейнеткер,<br>жұмыссыз  | Жораласов<br>Ашірәлі                       | Жеке кәсіпкер       |
| 2 |                               |                                                         |                         | Жүзбаев<br>Алихан                          | Жұмыссыз            |
| 3 |                               |                                                         |                         | Шірікбаева<br>Құрманкүл                    | Зейнеткер           |
| 4 |                               |                                                         |                         | Сейдалимова<br>Нұргүл                      | Мұғалім,<br>ата-ана |
| 5 |                               |                                                         |                         | Абдикеримова<br>Асила                      | Зейнеткер           |
| 6 |                               |                                                         |                         | Әділбеков<br>Бақытжан                      | Ауыл тұрғыны        |
| 7 |                               |                                                         |                         | Мәдібеков<br>Ақәділ                        | Ата-ана             |

Балабақша директоры:  Р.Игенбекова



МККК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасындағы  
«Қамқоршылық кеңес» құрамы туралы мәліметі

| № | Мекеме атауы                       | Мекеме басшысының аты-жөні<br>Байланыс телефоны      | Қамқоршылық кеңес төрағасының аты-жөні, байланыс телефоны | Жұмыс орны, лауазымы   | Қамқоршылық кеңес құрамының аты-жөні | Жұмыс орны                                                          |
|---|------------------------------------|------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|------------------------|--------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2                                  | 3                                                    | 4                                                         | 5                      | 6                                    | 7                                                                   |
| 1 | МККК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы | Игенбекова Раушан<br>Кадирхановна<br>8-777-916-62-78 | Айгөбеков Рәтбек<br>8-705-892-31-56                       | Жұмыссыз,<br>зейнеткер | Айгөбеков Рәтбек                     | Жұмыссыз,<br>Зейнеткер,<br>кеңес төрағасы                           |
|   |                                    |                                                      |                                                           |                        | Оразбекова<br>Кулжамия               | Фельдшер, ата-ана,<br>кеңес мүшесі                                  |
| 2 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Жораласов Ашірәлі<br>Арыстанұлы      | Жеке кәсіпкер,<br>кеңес мүшесі                                      |
| 3 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Жүзбаев Алихан<br>Сүлейменұлы        | Жұмыссыз,<br>кеңес мүшесі                                           |
| 4 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Шірікбаева<br>Құрманкүл              | Зейнеткер, ата-ана<br>кеңес мүшесі                                  |
| 5 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Сейдалимова<br>Нұргүл                | Майбұлақ жалпы орта<br>мектебінде мұғалім,<br>ата-ана, кеңес мүшесі |
| 6 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Абдикеримова<br>Асила                | Зейнеткер, ата-ана<br>кеңес мүшесі                                  |
| 7 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Әділбеков Бақытжан                   | Ауыл тұрғыны,<br>кеңес мүшесі                                       |
| 8 |                                    |                                                      |                                                           |                        | Мәдібеков Акеділ                     | Ата-ана, кеңес мүшесі                                               |

Балабақша директоры:  Р. Игенбекова



**«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының  
№6 Хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 28.12.2021ж

**Қатысқандар:** Р.Игенбекова-балабақша директоры, Р.Айгөбек-Қамқоршылық кеңесінің төрағасы; А.Егембердиева- балабақша әдіскері, С.Шындалиева-хатшы;

**Мүшелері:**

Б.Әділбеков

А.Мәдібеков

Н.Сейдалимова

К.Оразбекова

А.Абдикеримова

Қатыспағаны-3 (себепті)

**Күн тәртібінде:**

- 1.Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстары бойынша балабақша директорының жылдық есебі. \ Р.Игенбекова\
- 2.Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау, ұсыныс, пікірлер айту .

**Тыңдалды :**

Балабақшаның әдіскері бүгінгі жиналысты ашып, «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасында 29.01.19ж балабақшаішілік ата-аналар жиналысында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланды. Қамқоршылық кеңесінің құрамына осы 9 адам тағайындалған болатын. Құрамына жеке кәсіпкерлер, ауыл фелдшері , мектеп мұғалімі және ата-аналар кірді. ҚК төрағасы болып ауыл ағасы Айгөбек Рәтбек ағамыз сайланды. Осы ҚК- ң мүшелері 2021 жылы да өзгеріссіз қалғанын айтып өтті. Жиналыстың мақсаты: ҚК-ң отырысында балабақша директорының қорытынды есебі. Сөз кезегін б\б директоры Раушан Кәдірханқызына беріледі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, балабақша директоры Р. Игенбекова жылдық есеп бойынша хабарлама жасады. Ол өз есеп беруінде аудандық білім бөлімінің 2019 жылғы 01ақпандағы №34 бұйрығына сәйкес құрылған балабақшаның қамқоршылық кеңесі 9 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 6 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірілер енгізіліп отырғанын атап өтті. Сонымен бірге балабақшаның да жұмыстарымен таныстырып, жетістіктерін де айтып өтті.

«Қамқоршылық кеңес» жұмыстары өз дәрежесінде жүргізіліп, балабақшаның көркеюіне атсалысып, білім сапасына да артуына және балабақшадағы туындаған мәселелерге байланысты өз үлестерін қосқанын жеткізді. Демеушілік тарапынан әлеуметтік статусы тәрбиеленушілерге көмек қолын созған кәсіпкерлерге, ұжымға алғысын білдірді. Және да өз алғыстарын білдірген ата-аналардың да өтініштерін жеткізді.

Кеңес

өз міндетін атқара білді. Қамқоршылық кеңестің жұмыс істеу нәтижесінде балабақша үшін істің кең ауқымы ашылды. Алдағы уақытта нәтижелі де, тиімді жұмыстар атқарылады деп балабақша директоры өз есебін қорытындылады.

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                          |                                                                   |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|-------------------------------------------------------------------|
|    | есебі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                          |                                                                   |
| 7  | Ата-аналар үшін балабақша әкімшілігінің қамқоршылық кеңеспен бірлескен ашық есік күнін ұйымдастыру.                                                                                                                                                                                                                                            | Қараша<br>Ақпан<br>Сәуір | Балабақша әкімшілігімен бірігіп ҚК мүшелері                       |
| 8  | Балабақшаішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, салауатты өмір салтын дәріптеудегі спорттық шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету.                                                                                                                                                                                                            | Үнемі                    | Балабақша әкімшілігімен бірігіп ҚК мүшелері                       |
| 9  | 1.«8-Наурыз аналар мерекесі» мен «Жыл басы – Наурыз» мерекесінің салтанатты түрде атап өту шараларына атсалысу.<br>2.Балалардың жазғы маусымдық жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету.<br>3.Балабақша аумағын көркейту, абаттандыру жұмыстарын жалғастыру.                                                                                    | Наурыз                   | Балабақша әкімшілігімен бірігіп Кеңес төрағасы ҚК мүшелері        |
| 10 | 1.Балабақшаны бітіруші түлектерге «Қош бол, балабақшам!» мерекесін және 1 маусым «Балаларды қорғау» күніне орай ҚК мүшелерімен бірлесіп «Біз бақытты балдырған» акциясын ұйымдастыру және өткізу.<br>2.Оқу-материалдық базасының сақталуы мен үнемі толтыруын қамтамасыз ету.<br>3.Қамқоршылық кеңесінің жылдық атқарылған жұмысына есеп беру. | Мамыр                    | Балабақша әкімшілігімен бірігіп кеңес мүшелері<br><br>ҚК төрағасы |

ҚК төрағасы:  Р.Айгөбек

Хатшы:  С.Шындалиева

*Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту  
бөлімінің «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының  
директоры Р.Игенбекованың «Балабақша жанынан  
құрылған қамқоршылық кеңес жұмыстары туралы»  
жасайтын хабарламасы*

**Құрметті Қамқоршылық кеңес төрағасы Рәтбек Керімбайұлы!**  
**Құрметті ҚК отырысына қатысушылар!**

«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жанынан құрылған қамқоршылық кеңес отырысын ашық деп, бүгінгі жиналысымызды бастаймыз. Отырысқа түрлі себептермен ҚК-н 3 мүшелері қатыспай отыр.

11.01.2021 жылы қамқоршылық кеңесінің онлайн форматта бірінші отырысы болып, қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері туралы танысып, жылдық жоспар жасақталып, бекітіліп кеңес өз жұмысын одан ары жалғастырған болатын.

Сонымен қатар балабақшамыз тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2021 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Біздің балабақшада 8 педагог жұмыс атқарады. Жалпы ұжымда білім беру бағдарламасы бойынша 4 педагог біліктілігін жоғарлату курсынан өтті. Жыл басында алынған барлық білім беру салалары бойынша деңгейлік көрсеткіші орташа.

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілердің жан-жақты және толыққанды тұлғасын дамыту үшін балабақшамызда жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып өткім келеді.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:**

- 1. Ұйымдастырылған оқу қызметі**
- 2. Іс-шаралар**
- 3. Ата-аналармен жұмыс**
- 4. Мектеппен байланыс жұмысы**
- 5. Балабақша жетістіктері.**

Балабақша сәуір айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығын негізге ала отырып, ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру арқылы кезекші топтар ашылды. Оған дейінгі оқу-тәрбие қызметтері еліміздегі пандемия ахуалына байланысты онлайн форматта өткізіліп отырылды.

**Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес** Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының

*Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту  
бөлімінің «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының  
директоры Р.Игенбекованың «Балабақша жанынан  
құрылған қамқоршылық кеңес жұмыстары туралы»  
жасайтын хабарламасы*

**Құрметті Қамқоршылық кеңес төрағасы Рәтбек Керімбайұлы!**  
**Құрметті ҚК отырысына қатысушылар!**

«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жанынан құрылған қамқоршылық кеңес отырысын ашық деп, бүгінгі жиналысымызды бастаймыз. Отырысқа түрлі себептермен ҚК-н 3 мүшелері қатыспай отыр.

11.01.2021 жылы қамқоршылық кеңесінің онлайн форматта бірінші отырысы болып, қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері туралы танысып, жылдық жоспар жасақталып, бекітіліп кеңес өз жұмысын одан ары жалғастырған болатын.

Сонымен қатар балабақшамыз тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2021 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Біздің балабақшада 8 педагог жұмыс атқарады. Жалпы ұжымда білім беру бағдарламасы бойынша 4 педагог біліктілігін жоғарлату курсынан өтті. Жыл басында алынған барлық білім беру салалары бойынша деңгейлік көрсеткіші орташа.

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілердің жан-жақты және толыққанды тұлғасын дамыту үшін балабақшамызда жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып өткім келеді.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:**

- 1. Ұйымдастырылған оқу қызметі**
- 2. Іс-шаралар**
- 3. Ата-аналармен жұмыс**
- 4. Мектеппен байланыс жұмысы**
- 5. Балабақша жетістіктері.**

Балабақша сәуір айында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығын негізге ала отырып, ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, штаттық режимде оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру арқылы кезекші топтар ашылды. Оған дейінгі оқу-тәрбие қызметтері еліміздегі пандемия ахуалына байланысты онлайн форматта өткізіліп отырылды.

**Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес** Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жазылатын барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері өз дәрежесінде өтілді.

### ІС-ШАРАЛАР

- **2021 жылы наурыз айында** «8 наурыз» мерекесіне орай балабақша ұжымын-дағы ер азаматтар ұйымдастыруымен ардақты аналарымызды, апайларды және тәрбиеленуші қыздарды құттықтап шықты. Және бала тәрбиесі үшін маңызды жағдайдың бірі отбасы толықтығы. Балабақшадағы жартылай жетім балалардың Құрақбек Нұриман мен Асубай Сауранның үйіне барып, балаларды сыйлықтарымен қуантты.
- 27.05.2021жылы «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасының қызметі туралы балабақша директорының жарты жылдық есебін тыңдау мақсатында қамқоршылық кеңестің 3 отырысы болып өтті. Қамқоршылық кеңестің осыған дейін 2 отырыс өткенін айта келе, сәуір және мамыр айы аралығында балабақшада тазалық жұмыстары, бақшаның айналасын көгалдандырып жүйелі жұмыс жүргізіліп жатты. Сондай-ақ 25.05.2021 жылы мектеп жасына толған 10 тәрбиеленушілермен қоштасу кеші ұйымдастырылып, балалар өз өнерлерін ортаға салды. Барлық шара телефон жүйелеріне түсіріліп ата-аналарға жіберілді. Ата-аналар өз алғыстарын айтып жатты. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің демеушілігімен «Мектепке жол» атты акция ұйымдастырылып, балаларға дәптер, қалам, түрлі-түсті сурет дәптерлері мен қарындаштар таратылды. Директордың есебі тыңдалып, сұрақтар қойылып, жауаптар тыңдалды.
- 2021 жылы жаз мезгілінде 1 маусым «Балаларды қорғау күні» мерекесі ерекше аталып өтілді. Мереке кезінде балаларға қуаныш сыйлаған жеке кәсіпкерлер А.Жораласов, Қ.Шірікбаева және ата-ана А.Алтынбековалардың ойыншықтары және ауыл әкімінің келіп балаларға сыйлаған тәттілері мен құттықтаулары айтылып, балабақша басшылары жақсылық жасаған кісілерге алғысын жеткізді. Хаттама VIP сайд беттеріне жарияланды.
- **2021 жылдың тамыз-қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліміз ана тілі күні қарсаңында «Ана тілім-дана тілім»** апталық ұйымдастырылып, өз деңгейде өтті.

- **2021 жылдың қыркүйек айында «Білімнің бастауы - балабақшада»** білім күні мерекесіне ертеңгілік ұйымдастырылды.
- Күздің алғашқы мерекесі 1 қазан «Қарттар күні» мен 3 қазан «Ұстаздар күні» мерекесі өз дәрежесінде өткізілді. Тәрбиешілердің ұйымдастыруымен балалар ата-әжелеріне және ұстаздарына жүрек жарды құттықтауларын жеткізіп, өнерлерін көрсетті.

«Нұрсая» бөбекжай-балабақшасына еңбегін сіңірген тәрбиеші, құрметті ұстаз, қадірлі де асыл ана, бүгінде зейнеткерлікте отырған Мадина Қылшынбетова апайдың үйіне балабақша директорының бастауымен әріптестері барып,

құттықтап, ақ орамалдарын жауып, сый-сияпаттарын жасады. Зейнеткер ұстаз өзінің алғысын білдірді.

**2021 жылдың қазан айында «Күз береке-күз мереке»** мерекелік ертеңгілік, **«Мейірімді табиғаттың сыйы» отбасылық көрме** топтар арасында ұйымдастырылды. Іс-шара жарқын, көңілді, қызықты өтті. Ата-аналармен бірге жасаған «Күз сыйлығы» тақырыбы бойынша көрме ұйымдастырылды. Ата-аналар мен балалар өз қолөнерлерін көрсете білді. Әр жасалған заттар үшін балалар мен олардың ата-аналары мадақтамалармен марапатталды. Аудандық білім бөлімінің хаты бойынша Абай атамыздың «КҮЗ» туралы өлеңін суреттеуі бойынша сурет байқауы өтті. Байқауда өз шығармашылығын көрсетіп, балабақша тәрбиеленушісі **Әбдісаммат Балерке** дипломмен марапатталды. Балабақша әкімшілігі рахметін айтып, сыйлықтарын берді.

Және бұл **Әбдісаммат Балерке** аз қамтылған, көп балалы отбасынан екені ескеріліп, демеуші ағамыз А.Мәдібековтың үлкен қуыршағы мен тәтті тоқаштары ұсынылды.

«Күз жомарт» атты жәрмеңке ұйымдастырып, тәтті тағамдар пісіріп, көкөністер мен жемістер сатылды. Екі топ бойынша, барлығы 14,0 мың теңге көлемінде түсті. Түскен ақшаға қамқоршылық кеңесінің шешімімен топтағы ойыншықтардың жағдайын ескере отырып, екі топқа ойыншықтары алып берілді.

- **2021 жылдың желтоқсан айында «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» аясында «Тәуелсіздік-мақтанышым»** тақырыбында оқу қызметтері мен іс-шара ұйымдастырылды.
- 2021 жылы желтоқсан айының 28 –і жұлдызында жаңа жыл мерекелеріне көмек көрсету жөнінде және қорытынды жылдық есеп бойынша балабақша жанынан құрылған ҚК отырысы болып өтті. «Қамқоршылық кеңес» аз қамтылған отбасы балаларын есепке алып, 6 балаларға **6 000** теңге көлемінде жаңа жылдық сыйлықтар жасалып қойылды. Жасыл шырша мерекесі күні табысталатыны айтылды. Сонымен қатар кеңес мүшесі ЖК А.Жораласов балабақшадағы көп балалы ана қызметкерлеріне жаңа жылдық сыйлық жасап алып келіп, қызметкерлерге таратып беру үшін балабақша директорына табыстады.
- **2021 жылдың қараша айында «Мейірімді табиғаттың сыйы»** отбасылық көрме, желтоқсан айының 30 күні балабақшада **«Алақай, жаңа жыл келді!»** мерекелік ертеңгіліктер топтар арасында ұйымдастырылды

### **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС.**

- Ата-аналар жиналысы ;
- Ата-аналар мен балалардың біріккен нәтижелі іс-әрекеттері (көрмелер, қабырға газеті, қолөнерлер);
- фотокөрмелер; сауалнамалар;
- мерекелік және спорттық іс-шараларды өткізу;
- ашық есік күні;
- кеңестер, тренингтер, жағдаяттар шешу.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ең маңызды түріне ата-аналар жиналысын жатқызамыз. **Дәстүр бойынша әр жаңа оқу жылының басында, балабақшаның әр тобында ата-аналарға арналған жиналыстар өткізіледі.** Жиналыстар қандай тақырыпқа арналса да, оның басты мақсаты болып, рухани – адамгершілік тәрбиені отбасымен қатар балабақшаның күнделікті өмірінде жүйелі түрде қолдана білу болып табылады.

### **МЕКТЕПШЕН ЖҰМЫС.**

Біздің балабақша Майбұлақ жалпы орта мектебімен «Жылы жүрек - жақсы тілек» тақырыбында бірлесіп, жұмыс жүргіземіз. Мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдері мен балабақша педагогтарының арасында тығыз қарым-қатынас орнату арқылы балалардың бойына патриоттық сезімдерін қалыптастыру. Бастауыш сыныптың педагогтары мен іс-тәжірибе алмасу барысында, мерекелік іс-шараларға, оқу қызметтеріне, мектепке саяхатқа, оқушылар мен мұғалімдермен кездесулерге, көрме жәрмеңкесіне, ұлттық салт-дәстүр мұражайына саяхат жасап тұрамыз.

### **2021 ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ:**

2021ж.«Шабыт» білім беру-әдістемелік орталығының «Күзгі бояғыштар», «Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» т.б. республикалық онлайн байқауларына ортаңғы топ тәрбиеленушілері I, II және III Дәрежелі Дипломмен марапатталды;

2021жылы желтоқсанда балабақша тәрбиешісі А.Жолдыбаева өзінің іскерлігі мен ізденімпаздығымен, біліктілігін көтеріп педагог-сарапшы санатын алды. Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Даланың алып қоңырауы » тақырыбындағы республикалық педагогикалық оқуға қатысып, сертификатын алды. Өз мамандығына деген сүйіспеншілігінің артуына үлес қосқаны үшін балабақшаның «Үздік тәрбиешісі» атанды.

Қамқоршылық кеңестің жұмыс істеу нәтижесінде балабақша үшін істің кең ауқымы ашылды. Алдағы уақытта нәтижелі де, тиімді жұмыстар атқарылады деп сөзімді аяқтағым келіп отыр.

КЕЛІСІЛДІ:

«Көктем» бөбекжай-балабақшасының директоры:

 Р. Игенбекова

«20» қыркүйек 2021 жыл



БЕКІТІЛДІ:

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Р.Айгөбек

қамқоршылық кеңестің 2021ж  
20 қыркүйектегі № 1 хаттамасы

**МКҚК «Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы қамқоршылық кеңесінің  
2021-2022 оқу жылына арналған жоспары**

| №<br>р/с | Жұмыстың мазмұны                                                                                                                                                                                        | Мерзімдері | Жауапты                                                                    |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------------------------------------------------------------------|
| 1        | 1.Қамқоршылық кеңесінің құрамын қайта сайлау.<br>2.Қамқоршылық кеңес ережесі және 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.<br>3.Қамқоршылық кеңес құрамы мүшелерінің атқаратын міндеттерін белгілеу. | Қыркүйек   | Директор<br>Р.Игенбекова<br>Қамқоршылық кеңес төрағасы және кеңес мүшелері |
| 2        | 1. Әлеуметтік көмекке мұқтаж қамқорға алынған балаларды анықтау және көмек көрсету жолдарын қарастыру.<br>2. Бюджеттен тыс шағын кәсіпкер-демеушілерді тарту, оларды пайдалану жолдарын қарастыру.      | Қазан      | Балабақша әкімшілігі<br>ҚК мүшелері                                        |
| 3        | 1.Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау.<br>2.Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде балабақша асхана-сының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу.                                                   | Жыл бойы   | ҚК мүшелері<br>Медбике<br>А.Қойлыбаева                                     |
| 4        | 1.Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырыстарын өткізу<br>2.Білім беру мекемесінің қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін бюджеттік емес қаржыларды тарту туралы.                                         | Жыл бойы   | Директор<br>Р.Игенбекова<br>Кеңес төрағасы                                 |
| 5        | 1.Тәуелсіздік күніне және Жаңа жылдық әс-шараларын ұйымдастыру және өткізуді талқылау.<br>2.Жылу маусымының жағдайларына баса назар аудару.                                                             | Желтоқсан  | Балабақша әкімшілігімен бірігіп<br>ҚК мүшелері                             |
| 6        | Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылға атқарылған жұмыстары бойынша балабақша директорының жылдық                                                                                                             | Желтоқсан  | б/б директоры                                                              |

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

**Жарыс сөз:** Қамқоршылық кеңесінің мүшесі - Сейдалимова Нүргүл: Жыл бойына бірнеше балаға көмек көрсетілгенімен балабақшада аз қамтылған отбасы балаларының көптігіне байланысты келесі оқу жылында кәсіпкерлерді көптеп тартуға ұсыныс білдірді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір-бірімен тығыз байланыста болып, әлі де әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға одан әрі көмек көрсету керектігін айтты.

**Жарыс сөз:** Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Оразбекова Күлжамила: Балабақшаның атқарып жатқан жұмыстарына үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты. Және өзінің ауыл мейірбикесі халықты көп аралаймын. Жаңа өздеріңіз айтқандай әлеуметі төмен отбасы Абдисаметовтердің ахауалы шынымен де төмен. Сондықтан мен осы отбасының балабақшаға келетін балаларының біріне тегін ұйымдастырылса деген ұсынысын білдірді.

**Жарыс сөз:** Балабақша әдіскері – А.Егембердиева: Осындай кең ауқымда көрсетіліп жатқан жәрдемдеріңіз балалар үшін де үлкен қуаныш сыйлайтыны көңілге қонымды. Балабақша мен ата-аналардың тығыз байланысы, қамқоршылық кеңес жұмысы балабақшаның өркендеуіне маңызы зор екенін айтып өтті.


**Балабақша директоры Р.Игенбекова:**

- Ұсыныстарды қабылдаймыз. Әлеуметі төмен отбасылармен қосымша жұмыс жасауды қарастырамыз. Бізде Абдисаметовтер отбасынан екі бала тізімде. Бір баланың яғни, Абдисамет Мұхамедті балабақшада тегін қамтамасыз етуге келісетінін айтып өтті.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, жоғарыдағы ұсыныстарды сараптай келе Шешім етеді:**

1. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Әлеуметтік статусы бар тәрбиеленуші Абдисамет Мұхамед балабақшаға келуі тегін қамтамасыз етілсін.
3. Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында кәсіпкерлер тартылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  
Хатшы:

  
 Р. Айгөбек  
С. Шындалиева

**Мүшелері:**

Б. Әділбеков

А. Мәдібеков

Н. Сейдалимова

К. Оразбекова

А. Абдикеримова

Б\б директоры:

Р. Игенбекова

**Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткердің келісімі**

Мен, Ай Забеев Рәтбек

Зейнеткер, неғімгер  
(топ, ұйым өкілі)

ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017ж. №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстым және мыналарға келісімімді беремін.

- 2021 - 2022 оқу жылы кезеңі үшін ақысыз негізде Қамқоршылық кеңестің мүшесі ретінде өз құзыретімді орындауға;
- Балабақша әкімшілігімен, балабақшаның ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекеттестікте болуға.

Қолы:

Күні:

20.09.2021

**Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткердің келісімі**

Мен, Шірілбаева Қурманқулов

Зейнеткер, кәсіпкер  
(топ, ұйым өкілі)

ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017ж. №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстым және мыналарға келісімімді беремін.

- 2021 - 2022 оқу жылы кезеңі үшін ақысыз негізде Қамқоршылық кеңестің мүшесі ретінде өз құзыретімді орындауға;
- Балабақша әкімшілігімен, балабақшаның ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекеттестікте болуға.

Қолы:

Күні:

20.09.2021ж